

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1993 жылғы 17 маусым N 1245. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.05.19. N 2284 Жарлығымен.

Жоғары білікті әскери мамандарды даярлау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ф.Э. Держинский атындағы Алматы жоғары шекаралық командалық училищесі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институты болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтында Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері мен үкіметтік байланыс әскерлері үшін офицер кадрларды даярлайтын факультеттер құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтының Жарғысы бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтының әскери қызметшілеріне, жұмысшылары мен қызметшілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген қазіргі еңбек ақы төлеу, ақшалай және заттай үлестің басқа түрлері мен жеңілдіктер қолданылсын.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жоғары оқу орындарының тыңдаушыларына, сондай-ақ Ресей Федерациясы Қауіпсіздік министрлігі Академиясына Қазақстан Республикасынан жіберілген тыңдаушыларға, оқуға қабылданғанға дейін шұғыл мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өтегендерге, оқу озаттарына - олар төртінші курсқа көшірілген кезде, ал қалғандарына - олар бесінші курсқа көшірілген кезде "кіші лейтенант" әскери атағын беруге рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан

Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын қаржыландыру, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық

қамтамасыз ету мәселелерін 1993 жылдың 1 шілдесіне дейін қарайтын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК